

Жасы жетпістің жетеуін «жалап» койған кемпір, жасы сексенді «сипалап-» отырған қорші үйдегі атайды- тоғайдағы томардың жа-нын-да- кездесуге шақырды. Құдайы берген Бергенбайдың үйінде кемпір көзін қысып, онашалап алды да:

– Партиябек, бүгін кешке тоғайда- кездесейік? - деді.

– Ленингүл, тоғайда той болатын ба еді? - деп сұрады Партиябек сакалын сипап тұрып.

– Шайтан шақырғандай шалқаннан түспеші, әңгіме бар.

– Есекпен барайын ба?

– Есекпен келесін бе, ешекпен келесін бе, ишакпен келесін бе, өзін біл!

